

Ақын әрі сазгер Зәрубай Сүйіндікұлының біраз әндері көпшілікке бұрыннан таныс. Газет оқырман дарына ұсынып отырған Зекеңнің жаңа әні «Туған жер» деп аталады, Редакцияға жаңа әнді ұсынушы Қайрат Мұстафин,

Туған жер

Әні мен сөзін жазған Зәрубай Сүйіндікұлы.

Нотаға түсірген Қ, Мұстафин.

Өскен жер, асқар тауым жазық далам,
Өзің деп ән салады ғашық балаң,
Туған жер, туған ел,
Тағдырдың тәлкегінен жаси қалсам.
Жанымды жартасыңа жанып алам,
туған жер, туған ел.

қ а й ы р м а с ы

Нұраның толқындары,
Бойымда бұлқынады.
Самалың еркелеткен,
Ғажапсың елім неткең.

Аюлым, Қызылтауым өр шыңдарым,
мәңгілік таусылмайтын жырсың бәрің
туған жер, туған ел.
Шаттанып, шалқып жүрсем сенің арқан,
Өмірдің артқа тастан бар сындарын.
туған жер, туған ел.

қ а й ы р м а с ы

пернедегі термелер

Өміржайлы өлең жазғым келеді,
шешілмеген сұрағы көп себебі:

Айыра алмай жақсы менен жаманды,
Күнденұрын неге бірдей себеді?
Бірте—бірте бір—біріне жат қылар,
Достарымның арасында сатқын бар.
Қара жерде қара қарға көбейіп,
Айдынында неге азайған аққулар?
Кейбіреулер ақкөңіл боп көрінген,
Алдап жүріп орын алар төріңнен,
Қолың бермей, марқаяды сол шақта,
сәтің болса бұл өмірде сүрінген.
Болмаған соң пәлеқорға бір кесім,
Ақ көйлегім бір кимей—ақ кірлерсің,
Жақсы жанның жаназасын шығарар,
Сүрқия мен өсекшілер бірлесіп.
Қызғаншақтар ебін тауып жанап тым,
Балтырымды қаншама рет талаттым.
Керсоқырға кеудемді ашып, о сұмдық.
Жүректегі тікенімді қараттым.
Айыра алмай досым менен қасымды,
Айыра алмай үгінді мен асылды.
Жағалауға ақ маржан боп шашылған,
Көңіл толқын қаншама рет басылды.
Домбыраға дұрыс қоймай тиек те,
Кейбіреулер сөз сөйлейді иектеп,
Момын жандар бірте—бірте басылып,
Ұрда жықтар көбеюде биікте,
Түншықтырса ауыр ойдың тереңі,
Кез болғанда ылғи жанның керені,
Бәдәуи боп домбыра асып мойныңа,
Кең даланы кезіп кеткің келеді,
Қалай—қалай жасаймын деп тірлігін,
Көпшіліктің басы қатып жүр бүгін,
Елдің жайын аз айттың деп сөкпегің,
Ішіндегі сол еліңнің бірімін!